

-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
-қосымша

**Негізгі орта білім деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған
«Жаһандық құзыреттер» оқу пәні бойынша
үлгілік оқу бағдарламасы**

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Жаһандық құзыреттер» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушылардың дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Жаһандық құзыреттер» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушылардың бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

«Жаһандық құзыреттер» оқу пәнін оқытудың мақсаты: білім алушылардың өз әрекеттері мен мінез-құлқы үшін жауапкершілік алуға, мәселелерді шешуге және тез өзгермелі әлем жағдайында жеке және ұжымдық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттерін дамыту.

«Жаһандық құзыреттер» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

- 1) күнделікті жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту;
- 2) қиын және қауіп төндіретін жағдайларда шешімдер қабылдай алу дағдыларын қалыптастыру;
- 3) экологиялық жауапты мінез-құлықты дамыту;
- 4) адалдық пен жауапкершілікті, ұлтаралық өзара әрекеттестік мәдениетін

тәрбиелеу;

4) коммуникативтік құзырет пен конструктивті өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту;

5) экономикалық негізгі түсініктерін және қаржыны басқару, тұтынушы құқықтарын қорғау дағдыларын дамыту;

6) сын тұрғысынан ойлауды және өз әрекеттерінің салдарын бағалау қабілеттілігін дамыту;

7) медианы саналы, қауіпсіз түрде құру және пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Жаһандық құзыреттер» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

- 1) 5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 2) 6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 5) 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

2. «Жаһандық құзыреттер» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. «Жаһандық құзыреттер» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

5. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімнен тұрады:

- 1) өмір сүру қауіпсіздігі;
- 2) экологиялық мәдениет;
- 3) этика және этикет;
- 4) қаржылық сауаттылық;
- 5) медиасауаттылық.

7. «Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) үйде, мектепте, қоғамдық орындардағы (жолда) жеке қауіпсіздік.

8. «Экологиялық мәдениет» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) экологиялық жауапты мінез-құлық;

2) климаттың өзгеруіне қарсы күрес жүргізу.

9. «Этика және этикет» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) адалдық және жауапкершілік;

2) этносаралық өзара әрекеттестік этикасы.

10. «Қаржылық сауаттылық» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) ақша: түрлері мен атқаратын қызметі, қарапайым төлем операциялары;

2) қаржыны жоспарлау және басқару;

3) қаржылық орта.

11. «Медиасауаттылық» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) медиаконтент жасау және оны талдау;

2) цифрлық гигиена;

3) медианы саналы пайдалану.

12. 5-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу пәнінің базалық мазмұны:

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі.

1) Үйде, мектепте, қоғамдық орындардағы (жолда) жеке қауіпсіздік.

Мектепте сабақтар мен үзілістерде қауіпсіз мінез-құлық. Мектепте дабыл белгісі болған жағдайда мінез-құлық ережелері. Пәтерде өрт, су тасқыны жағдайындағы әрекет ету алгоритмі. Шұғыл жәрдем қызметін шақыру. Көшеде күдікті затты тапқан кездегі әрекет жасау алгоритмі. Жолдағы қауіпсіздік.

Төтенше жағдай (ТЖ) түрлері. ТЖ сигналдары.

Зардап шеккен адамның жағдайын бағалау. Шұғыл қызметтерді шақырған кезде қажетті негізгі кезеңдер.

Зорлық-зомбылық қаупі туындаған жағдайда мінез-құлық алгоритмі. Қауіпті адамдардың мінез-құқының белгілері. Заңсыз әрекет жасау. Жеке кеңістікке құрметтің болмауы. Бейтаныс адамдармен кездескенде сақтық ережелері. Халықаралық көмек сұрау белгісі.

Денсаулыққа қажетті маңызды заттар: көмірсулар, ақуыздар, майлар және дәрумендер.

Дұрыс дене сымбаты туралы түсінік және оның денсаулыққа маңызы. Дене сымбатының дұрыстығы және оның денсаулыққа әсері. Дене сымбатын дұрыс ұстау дағдылары.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі.

1) Экологиялық жауапты мінез-құлық.

Судың маңызын түсіну және оны тиімді қолдану әдістері.

Қалдық түрлері. Биологиялық ыдырайтын қалдықтар. Биологиялық ыдырамайтын қалдықтар.

Энергияны үнемдеу және оның қоршаған ортаны қорғаудағы маңызы. Энергия үнемдейтін құралдардың рөлі және энергия тұтынуды азайтуға ықпал ететін күнделікті әдеттер.

2) Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жүргізу.

Климаттың өзгеруі туралы жалпы түсінік. Адам қызметінің нәтижесінде

парниктік газдардың көбеюі. Парниктік газдардың климатқа әсері. Ғаламдық жылыну. Орманды жерлерді сақтау және қалпына келтіру.

«Этика және этикет» бөлімі.

1) Адалдық және жауапкершілік.

«Адалдық», «жауапкершілік» және «құрмет» ұғымдары. Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасындағы адалдық, жауапкершілік және құрмет. Сыныптастармен, достармен, ата-аналармен және басқа адамдармен қарым-қатынаста адал болу. Мектепте, отбасында және қоғамдық орындарда құрметпен қарым-қатынас жасау ережелері.

Қарым-қатынастағы құрмет. Өңгімелесушіге құрметпен қарау: тыңдай білу және ести білу, басқа көзқарастар мен пікірлерге төзімді болу.

«Пікір» ұғымы. Пікір айырмашылықтарының себептері. Өзге пікірге құрмет көрсету жолдары.

2) Этносаралық өзара әрекеттестік этикасы.

«Көпұлтты қоғам» ұғымы. Қонақжайлылық – қазақ халқының басты құндылықтарының бірі ретінде және оның Қазақстан халқының бірлігі мен татулығын нығайтудағы рөлі. Қазақстандағы Алғыс айту күні. Қазақстанның тіліне, мәдениетіне және тарихи мұрасына құрметпен қарау. Қазақстанның тарихи мұрасына, мәдениетіне және тіліне құрметпен қарау.

«Қаржылық сауаттылық» бөлімі.

1) Ақша: түрлері мен атқаратын қызметі, қарапайым төлем операциялары.

Қолма-қол және қолма-қол емес ақша, олардың айырмашылықтары және күнделікті сатып алуларда қолданылуы, әртүрлі төлем тәсілдерінің артықшылықтары мен қауіпсіздігі.

Қолма-қол ақшаны және банк карталарын пайдаланудың ерекшеліктері. Әр түрлі жағдайларда төлем әдісін таңдау.

2) Қаржыны жоспарлау және басқару.

«Кіріс» және «шығын» ұғымдары. Кіріс көздерінің түрлері. Шығындардың түрлері. Қаржылық жоспарлау.

Шығындарды тұрақты түрде есепке алудың маңызы. Шығындарды есепке алудың тәсілдері. Бір аптаға арналған шағын бюджет құрастыру.

Отбасының негізгі кірістері мен шығындары. «Отбасы бюджеті» ұғымы.

«Тәуекел» ұғымы. Қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін әртүрлі өмірлік жағдайлар. Үнемділік-тәуекелдерден қорғану тәсілі ретінде.

2) Қаржылық орта.

«Тұтынушы» ұғымы. Тұтынушылардың негізгі құқықтары: сапалы тауарға құқығы, қауіпсіз тауарға құқығы, тауар туралы ақпаратқа құқығы, таңдау құқығы, қайтару құқығы.

«Салық» ұғымы. Салық түрлері. Әртүрлі салық түрлерінің маңызы.

Жеке қаржылық ақпаратты қорғау. Қаржылық алаяқтықтың негізгі белгілері. Жиі кездесетін алаяқтық схемалары. Қаржылық қауіпсіздік үшін күдікті телефон қоңырауларына, электронды хаттар мен хабарламаларға сақтық шаралары.

«Медиасауаттылық» бөлімі.

1) Медиаконтент жасау және оны талдау.

«Медиаконтент» ұғымы және оның түрлері. Әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде медиаконтентті жауапкершілікпен жасау ережелері: шындық, құрмет, құпиялылықты сақтау, интернетте қарым-қатынас ережелерін сақтау, жағымды контент жасау.

«Факт» ұғымы. Фактілердің белгілері. «Пікір» ұғымы.

Сенімді және сенімсіз ақпарат көздерінің белгілері. Жарияланым авторларын және олардың сенімділігін тексеру. Ақпарат көздерінің сенімділігі, деректерді тексеру.

2) Цифрлық гигиена.

Жеке деректерді қорғау, соның ішінде интернетте. Алаяқтық сайттар мен күмәнді хабарламалардың белгілері. Сенімді құпия сөзді жасау және аккаунтты қорғау. Аккаунттарды қорғау үшін екі факторлы аутентификацияны пайдалану. Интернет алаяқтықтан қорғану тәсілдері. Фишинг хаттары мен сайттарының белгілері.

3) Медианы саналы пайдалану.

Ойын-сауық контенті. Білімдік медиаконтенті. Жарнамалық контент.

Жаңа білім алу және дағдыларды дамыту үшін білім беру платформалары.

13. 6-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу пәнінің базалық мазмұны:

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі.

1) Үйде, мектепте, қоғамдық орындардағы (жолда) жеке қауіпсіздік.

Үйдегі мүмкін қауіптер: өрт, улану, жарақаттар және т.б. Мектептегі мүмкін қауіптер: жарақат; өрт және т.б. Көшеде туындауы мүмкін қауіптер: жол-көлік оқиғалары, табиғи құбылыстар және т.б.

ТЖ туындаған жағдайда әрекеттердің реттілігі, шұғыл көмек қызметтерін шақыру.

Қарапайым жарақаттар, мысалы, кесілген жерлер, соғып алу және күйік шалу кезінде алғашқы көмек көрсету әдістері.

«Буллинг» ұғымы, буллинг түрлері. Буллинг түрлерінен қорғану әдістері.

Жасырын қант және зиянды қоспалар. Жасырын қант бар өнімдердің құрамы. Зиянды қоспалардың мысалдары. Қант пен зиянды қоспаларды азайту бойынша кеңестер.

Дене жаттығуларының ағзаға әсері. Дене жаттығуларының болмауының салдары.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі.

1) Экологиялық жауапты мінез-құлық.

Су ластануының себептері. Ластанудың салдары.

Қалдықтардың жіктелуі және оларды дұрыс жою шаралары.

Бастапқы және екінші ретті энергия көздерінің ерекшеліктері. Қайта қалпына келетін және қалпына келмейтін энергия көздері. Қазақстандағы гидроэнергетикалық, жел және күн электр станциялары.

2) Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жүргізу.

Адам әрекеттерінің климаттың өзгеруіне әсері. Жаһандық орташа температураның көтерілуі, табиғи апаттардың жиілігінің артуы. Көлік пен құрылыс саласының климатқа әсері. Энергияны үнемдеу, қалдықтарды азайту.

Экологиялық бағдарланған өмір салтын қалыптастыру.

«Этика және этикет» бөлімі.

1) Адалдық және жауапкершілік.

Білім алушылардың жауапкершілігі: оқу тапсырмаларын орындау, мектеп ережелерін сақтау, сыныптастарына және педагогтерге құрмет көрсету, білімге ұмтылу және өз әрекеттерінің салдарын түсіну.

1) Этносаралық өзара әрекеттестік этикасы.

Белсенді тыңдау. Белсенді тыңдаудың қағидалары мен техникасы. Өңгімелесушіге құрмет көрсету.

Көзқарас. Көзқарастың қалыптасуына әсер ететін факторлар. Басқа адамдардың көзқарастарына деген құрметтің маңыздылығы.

«Мәдени дәстүрлер» ұғымы, олардың қоғам өміріндегі маңызы және Қазақстан халықтарының дәстүрлерінің ерекшеліктері. Қазақ халқының дәстүрлері. Қазақстанда тұратын этностардың дәстүрлері. Олардың ортақ және ерекшеленетін қасиеттері, сондай-ақ қазіргі қоғамға әсері. Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа этностардың дәстүрлеріне құрметпен қарау.

«Қаржылық сауаттылық» бөлімі.

1) Ақша: түрлері мен атқаратын қызметі, қарапайым төлем операциялары.

Банк карталарының түрлері. Дүкендерде және онлайн төлем жасау үшін карталарды пайдалану тәсілдері. Карталарды қауіпсіз қолдану.

Фискалдық чектің негізгі элементтері. Сатып алу сомасының дұрыстығын тексеру үшін чекті оқу маңызы. Чекті сақтаудың қайтарымдар немесе кепілдік жағдайлары үшін маңыздылығы.

2) Қаржыны жоспарлау және басқару.

Апталық бюджетті жоспарлау. Қаржы құралдарын басқару тәсілдерін талдау.

«Жеке бюджет» ұғымы және оны бақылаудың маңызы. Жеке бюджетті электронды кестелер мен мобильді қосымшалар арқылы жүргізу. Табыс және шығындардың негізгі санаттары.

«Отбасы бюджеті» ұғымы. Отбасының негізгі шығындары: міндетті және міндетті емес. Отбасы бюджетінің жоспарлануының маңыздылығы.

«Жинақтар» ұғымы. Жинақтардың ірі сатып алулар жасау мен қаржылық шығындардан қорғаудағы рөлі. Ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін жинақтау жоспарын құру. Жинақтау кезінде ескерілетін факторлар мен ықтимал тәуекелдер.

2) Қаржылық орта.

«Баға» ұғымы. Бағаға әсер ететін факторлар.

Әлеуметтік жеңілдіктер. Әртүрлі азаматтар категориялары үшін әлеуметтік жеңілдіктердің түрлері.

Интернет-дүкендерде банк карталарын қауіпсіз пайдалану. Сенімді және сенімсіз интернет-дүкендердің сайтының белгілері. Онлайн төлемдер кезінде деректерді қорғау тәсілдері

«Медиасауаттылық» бөлімі.

1) Медиаконтент жасау және оны талдау.

«Құпиялылық» ұғымы. Таратуға болмайтын жеке деректер. Ақпараттың

сыртқа шығып кету қаупі мен мүмкін болатын салдары. Интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері. Жеке ақпараттың бар-жоғын анықтау үшін жарияланымдарды талдау және интернетте қандай деректерді бөлісуге болатынын немесе болмайтынын анықтау.

Эмоциялар мен визуалды элементтердің медиаконтентті қабылдауға және аудиторияның пікіріне әсері. Қажетті көңіл-күйді қалыптастыру немесе хабарламаның маңыздылығын күшейту үшін эмоциялық және визуалдық тәсілдерді қолдану.

«Мисинформация», «дезинформация» ұғымдары.

2) Цифрлық гигиена.

Әлеуметтік желілерде жауапты мінез-құлық ережелері: басқаларға құрмет көрсету, құпиялылықты сақтау, ақпараттың шынайылығы, қауіпсіздік, қарым-қатынас әдебі және сыни ойлау.

3) Медианы саналы пайдалану.

Медиаконтенттің жағымды ықпалы. әсері. Медиаконтенттің жағымсыз әсері. Әлеуметтік желілердің, блогерлер мен жарнаманың таңдауларға тигізетін әсері.

Интернет-ресурстар ақпарат іздеу және жүйелеу үшін, соның ішінде электрондық кітапханалар мен энциклопедиялар: Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана <https://kazneb.kz/>, Қазақстан Республикасының ұлттық академиялық кітапханасы <https://nabrk.kz/>, «Ғылым ордасы» орталық ғылыми кітапханасы (library.kz), Цифрлық кітапхана kitap.kz.

Қазақстанның онлайн-энциклопедиялары: Қазақстан энциклопедиясы <https://encyclopedia.kz/>, Қазақстан Тарихы www.e-history.kz.

14. 7-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу пәнінің базалық мазмұны:

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі.

1) Үйде, мектепте, қоғамдық орындардағы (жолда) жеке қауіпсіздік.

Үйде және мектепте қауіпті жағдайларды талдау принциптері: қауіптің анықталуы, тәуекелді бағалау, себептерді анықтау, іс-қимыл жоспарын жасау, қауіпсіз шешімдерді табу.

Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік шаралары және эвакуация ережелері.

Жануарлар тістеп, жәндіктер шағып алған жағдайдағы негізгі қауіпсіздік шаралары. Шағу түрлері және олардың салдары. Жәндіктер шағып, жануарлар тістеп алған жағдайда қолданылатын әрекет ету алгоритмі.

Буллинг әлеуметтік мәселе ретінде, оның түрлері мен салдары. Буллинктің көріну белгілері және оны болдырмау шаралары. Конфликттік жағдайларда өзін-өзі бақылау, мінез-құлық және қарым-қатынас дағдылары. Мектепте, сыныпта зорлық-зомбылықтың алдын алу.

Дұрыс тамақтану. Дұрыс тамақтану қағидалары.

Денсаулықты нығайту ережелері: физикалық белсенділік, ұйқы режимін сақтау, зиянды әдеттерден аулақ болу.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі.

1) Экологиялық жауапты мінез-құлық.

Судың тиімсіз пайдалануының экологиялық салдары. Суды үнемді

тұтынудың және санитарлық нормаларды сақтаудың экожүйелерді сақтау және өмір сапасын жақсартуға әсері.

Қалдықтарды қайта өңдеу. Заттарды қайта пайдалану. Шығармашылық қайта өңдеу.

Қазақстан мен әлемде жаңартылатын энергия көздерінің түрлері. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуға әсері.

2) Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жүргізу.

Климаттың өзгеруінің экологиялық салдарлары. Климаттың өзгеруінің әлеуметтік салдарлары. Климаттың өзгеруінің экономикалық салдарлары.

«Этика және этикет» бөлімі.

1) Адалдық және жауапкершілік.

«Академиялық адалдық» ұғымы. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатындағы» адамгершілік, адалдық және ізгілік туралы идеялар. Академиялық адалдықтың қағидалары. Академиялық адалдықты бұзудың түрлері. Фальсификация және фактілерді бұрмалау.

2) Этносаралық өзара әрекеттестік этикасы.

Дәлелді пікірталас. Дәлелді пікірталас жүргізудің қағидалары. Дәлелдеменің негізгі элементтері: тезис, дәйек, дәлел, қорытынды.

«Диаспора» ұғымы. Диаспораның этностар арасындағы өзара әрекеттесудегі функциялары: мәдени, әлеуметтік, коммуникативті, білім беру.

Этномәдени алмасу мәдениеттердің дамуы, этностар арасындағы байланыстардың қалыптасуы және төзімділіктің нығаюындағы рөлі. Ұлы Жібек жолы. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға әртүрлі ұлт өкілдерінің эвакуациялануы. Қазақстан халқы Ассамблеясы.

«Қаржылық сауаттылық» бөлімі.

1) Ақша: түрлері мен атқаратын қызметі, қарапайым төлем операциялары.

«Банк шоты» ұғымы, оның түрлері. Банк шотының мақсаты.

Банк карталар мен шоттар бойынша ұсыныстарды талдау: қызмет көрсету, кешбэк және бонус бағдарламалары, комиссиялар, кредиттік шарттар.

2) Қаржыны жоспарлау және басқару.

Жинақтауға арналған қысқа мерзімді мақсаттардың мысалдары. Қысқа мерзімді мақсаттарға жету үшін жинақтауды жоспарлау. Жинақтау әдістері, мақсатты бағалау және жинақтау мерзімін жоспарлау.

Қажетті және қажетті емес шығындардың ерекшеліктері. Шығындарды талдау әдістері. Артық шығындарды болдырмау үшін шығындарды жоспарлаудың маңыздылығы.

Қаржыны үнемдеу. Үнемдеудің түрлері.

Сақтандыру - күтпеген қаржылық шығындардан қорғау механизмі. Сақтандырудың түрлері.

3) Қаржылық орта.

Банк мөлшерлемесі. Мөлшерлеме түрлері: бекітілген, құбылмалы, номиналды, тиімді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме.

Зейнетақы. Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қоры. Зейнетақы

жинақтаудың қағидалары.

Күмәнді қаржылық ұсыныстар және оның түрлері: қаржылық пирамидалар, жалған инвестициялар, банк карталары бойынша алаяқтық, жалған кредиттер мен қарыздар, фейк лотереялар мен ұтыстар.

«Медиасауаттылық» бөлімі.

1) Медиаконтент жасау және оны талдау.

«Авторлық құқық» ұғымы, оның маңызы және зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың қағидалары. «Автор», «құқық иесі», «лицензия», «плагиат» ұғымдары. Басқа адамның контентін заңды түрде пайдалану тәсілдері: бейне, суреттер, аудио, мәтіндер. Авторлық құқықтардың бұзылу тәуекелдері және оның салдары.

Әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпаратты салыстыру. Фактілерді растау және жалған ақпараттың таралуын болдырмау үшін бірнеше дереккөздер қолданудың маңыздылығы. Ақпарат көзіне баға беру.

«Медиаконтент» ұғымы. Медиадағы қателіктер мен ағат пікірлер. Медиа саласындағы бейтараптықтың бұзылу белгілері.

2) Цифрлық гигиена.

«Цифрлық із» ұғымы. Белсенді цифрлық із. Белсенді емес цифрлық із. Цифрлық іздің жеке қауіпсіздікке әсері.

3) Медианы саналы пайдалану.

Медиаплатформалар. Медианы саналы таңдау.

Зерттеу және жобалық жұмыстарды орындау кезінде ақпаратты пайдалану. Ақпарат көздерін бағалау критерийлері. Ақпаратты тексеру және талдау әдістері. Ақпаратпен жұмыс істеудің этикалық аспектілері.

15. 8-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу пәнінің базалық мазмұны:

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі.

1) Үйде, мектепте, қоғамдық орындардағы (жолда) жеке қауіпсіздік.

Үй, мектеп және қоғамдық орындар үшін қауіпсіздік жоспарлары.

Төтенше жағдайларда әрекет ету кезінде жіберілетін негізгі қателіктер. Төтенше жағдайлардың салдарларын жою бойынша әрекеттер.

Шұғыл жағдайларда әрекет ету алгоритмі. Қан кету түрлері. Есінен танудың себептері, белгілері және көмек көрсету шаралары.

Зорлық-зомбылықсыз, жағымды мектеп ортасы. Білім алушылардың жағымды орта дамытуға арналған бастамалары.

Тамақтану әдеті. Тамақтану әдеттерінің негізгі рөлі.

Зиянды әдеттердің, төмен физикалық белсенділіктің, компьютер ойындар мен интернетке тәуелділіктің денсаулыққа әсерін талдау.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі.

1) Экологиялық жауапты мінез-құлық.

Судың ластану түрлері: биологиялық, физикалық, химиялық, радиациялық. Су ресурстарының біркелкі бөлінбеу мәселелері, су тапшылығы және оның салдары. Суды үнемді пайдаланудың технологиялары.

Қалдықтарды қайта өңдеудің маңызы және оның экологияға жақсы әсері.

«Энергия шығындары» және «энергия тиімділігі» ұғымдары. Энергияны

үнемдеу технологиялары және саналы тұтыну. Энергия шығындарын азайту жөніндегі бастамалар, мектеп және үй үшін эко-жобалар.

2) Климат өзгеруіне қарсы күрес жүргізу.

Климаттың өзгеруі ғаламдық мәселе ретінде. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары: көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту, жаңартылатын энергия дереккөздері.

«Этика және этикет» бөлімі.

1) Адалдық және жауапкершілік.

Оқу тапсырмалары мен зерттеу жобаларын орындаудағы академиялық адалдық ережелері мен талаптары.

2) Этносаралық өзара әрекеттестік этикасы.

Әртүрлі этностардың мәдениеттеріне тән рухани құндылықтар. Әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы өзара түсіністікті дамытуға ықпал ететін рухани құндылықтарды талдау.

Ұлттық бірлік доктринасындағы маңызы. Өзара құрмет, төзімділік және әлеуметтік бірлік - ұлтаралық келісімнің негізі.

Өнердің ұлтаралық диалог пен өзара түсіністікті қалыптастырудағы рөлі. Әміре Қашаубаевтың, Димаш Құдайбергеннің, Әбілхан Кастеевтің, Гүлфайрус Исмаилованың, Шара Жиенқұлованың және Гүлжан Талпақованың шығармашылығы.

«Қаржылық сауаттылық» бөлімі.

1) Ақша: түрлері мен атқаратын қызметі, қарапайым төлем операциялары.

«Валюта айырбастау», «валюталық курс» ұғымдары. Валюта айырбастаудың тәсілдері. Валюта айырбастау кезінде қарапайым есептеулер.

Банк карталарымен қауіпсіз жұмыс істеу. Банк карталарымен қауіпсіз транзакциялар жасау жолдары. Карта деректерін қорғау. Банк карталарын қолдану кезінде тәуекелдерді азайту әдістері.

2) Қаржыны жоспарлау және басқару.

Адамның қаржылық жағдайы. Кірістер мен шығындарды дұрыс жоспарлау.

Тұрақты және ауыспалы шығындар. Бюджет калькуляторы.

Отбасы бюджетіне әсер ететін экономикалық факторлар: инфляция, девальвация. Отбасының экономикадағы өзгерістерге бейімделуі.

Қаржылық өнімдер. Қаржыны басқару әдістері: кредит пайдалану, депозит ашу. Кредит: кемшіліктері мен артықшылықтары. Депозит: кемшіліктері мен артықшылықтары.

3) Қаржылық орта.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау алгоритмі. Тұтынушылардың құқықтары бұзылған жағдайда әрекет ету тізбегі.

«Стартап» ұғымы. Стартапты қолдау шаралары. Стартаптарды қолдау көздері.

Әртүрлі қаржылық қосымшалардың сенімділігін тексеру критерийлері: мобильді банктер мен қаржылық сервистер.

«Медиа сауаттылық» бөлімі.

1) Медиа контент жасау және оны талдау.

«Жалған ақпарат», «сенімді көздер» ұғымдары. Жалған жаңалықтардың белгілері. Ақпаратты тексеру әдістері: фактчекинг, ресми көздермен салыстыру, авторлықты және жарияланым күнін талдау.

«Кликбейт» ұғымы. Медидағы манипуляциялар, аудиторияның қабылдауына әсер ету әдістері: эмоцияларды пайдалану, фактілерді бұрмалау, беделі, жалған дилеммалар. Ақпаратты қабылдауға сыни тұрғыдан қарау.

Интернеттегі жаңалықтар мен ақпаратты талдау. Интернет дереккөздерінен алынған ақпараттың фактілерін тексеру және талдау құралдары мен әдістері. Ақпараттың шынайылығын тексеру әдістері.

2) Цифрлық гигиена.

VPN-нен қолжетімді Wi-Fi желілерін пайдаланудың қауіптері.

Деректерді қорғауда антивирус бағдарламалық қамтамасыз етудің маңыздылығы. Күрделі құпия сөздерді және екі факторлы аутентификацияны пайдалану.

3) Медианы саналы пайдалану.

Медианың қоғамдық пікірге әсер ету әдістері мен техникалары: фрейминг, эмоциялық манипуляция, қайталау, стереотиптерді қалыптастыру және ақпаратты әлеуметтік медиа арқылы тарату.

Жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен шектеулері.

16. 9-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу пәнінің базалық мазмұны:

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі.

1) Үйде, мектепте, қоғамдық орындардағы (жолда) жеке қауіпсіздік.

Өз іс-әрекеттеріңіздің қауіпті жағдайлардағы салдарын болжау, үйде, мектепте, жолда. Қауіпті жағдайларда дұрыс әрекет ету және өзін әрі басқа адамдарды зақымдану қаупінен қорғау бойынша іс-қимылды талдау.

Төтенше жағдайларда уақытылы және дұрыс әрекет етудің маңыздылығы.

Бірінші көмек көрсету алгоритмдері: қан кету кезінде, есінен танып қалу кезінде, күйіктер кезінде, улану кезінде және т.б.

Қазақстан Республикасындағы буллингке қарсы іс-қимыл бойынша заңнамалық шаралар. Буллинг үшін жауапкершілік.

Теңгерімді тамақтану рационын құрастыру. Теңдестірілген тамақтанудың қағидалары. Диета құрастыру кезінде жас және дене ерекшеліктерін ескеру.

Зиянды әдеттердің алдын алу: мақсаттары мен міндеттері. Жасөспірімдер мен жастар арасында зиянды әдеттердің алдын алу шаралары.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі.

1) Экологиялық жауапты мінез-құлық.

Су ресурстарын қорғау бойынша бастамалар.

Қалдықтарды өндеудің тұрақты даму мен экологияны жақсартуға қосқан үлесі. Қалдықтарды азайту. Табиғи ресурстарды үнемдеу. Ластануды азайту. Тұрақты даму принциптері. Жасыл экономика: жаңа жұмыс орындарын құру, эко-бизнес үшін мүмкіндіктер, халықтың экологиялық мәдениетін дамыту.

Қазақстандағы энергия тұтынудың экономикалық салдары. Қазақстандағы энергия тұтынудың экологиялық салдары.

2) Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жүргізу.

Климаттың өзгеруінің негізгі проблемалары, онымен күресу шаралары. Көміртегі ізін азайту. Климаттың өзгеруіне қарсы жобалар.

«Этика және этикет» бөлімі.

1) Адалдық және жауапкершілік.

БЖБ мен ТЖБ жұмыстарын орындау және емтихан тапсыру кезінде академиялық адалдықтың негізгі қағидалары мен нормалары. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілік.

2) Этносаралық өзара әрекеттестік этикасы.

«Жаһандану» ұғымы. Этносаралық өзара әрекеттестікті нығайтуға әсер ететін жаһандану факторлары. Біліммен, өнермен, дәстүрлермен алмасу арқылы мәдениеттердің байытылуы. Адам құқықтары, экология, білім беру мәселелері бойынша жаһандық бірлескен бастамалар.

Этносаралық өзара әрекеттестік маңызы. Этносаралық өзара әрекеттестіктің тарихтағы және бүгінгі күнгі жобалары, этносаралық келісімді нығайту, мәдени мұраны сақтау сияқты бастамалары және т.б.

«Мәдени мұра» ұғымының мәні. Мәдени мұраны сақтау. А.Байтұрсынұлының мәдени мұраның ұлттық болмысты сақтау мен нығайтудағы маңызы туралы идеялары. Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау саласындағы мәдени саясаты. Қазақстан мәдени мұрасының сақталуына ЮНЕСКО-ның рөлі.

«Қаржылық сауаттылық» бөлімі.

1) Ақша: түрлері мен атқаратын қызметі, қарапайым төлем операциялары.

Төлем тәсілдері: қолма-қол ақша, банк карталары және мобильді төлемдер. Төлем тәсілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктері. Әртүрлі төлем түрлерінің ынғайлылығы, қауіпсіздігі және тиімділігі. Қолма-қол ақша, карталар, мобильді төлемдер қолданған жөн болатын жағдайларды талдау. Карталар мен мобильді қосымшалар арқылы төлем жасау кезінде қауіпсіздік шаралары.

«Дропперлік» ұғымы, дропперліктен қорғану шаралары. Дропперлік үшін қылмыстық жауапкершілік.

2) Қаржыны жоспарлау және басқару.

Қаржылық қауіпсіздік қоры. Күтпеген шығындардың қаржылық жағдайға тигізетін ықпалын талдау.

Өз қаржыларын басқарудағы жеке тәжірибені талдау. Жеке бюджетті есепке алудың дәстүрлі және қазіргі заманғы тәсілдері.

Отбасы бюджетін басқаруда кредит пен қарыздардың әсерін түрлі қырынан талдау: кіріс пен шығын құрылымына ықпалы, қарыздық ауыртпалық пен қаржылық тәуекел деңгейі, болашақ қаржылық мүмкіндіктердің шектелуі.

«Инвестициялау» ұғымы. Инвестициялық қаржылық құралдар.

3) Қаржылық орта.

Қаржылық келісімшарттың негізгі параметрлері. Қаржылық келісімшартты зертеудің маңыздылығы.

Салық және олардың функциялары. Белгілі бір қызмет түрлеріне салықтық ынталандырулар мен шектеулер енгізу арқылы ықпал ету.

Жеке қаржылық деректерді қорғау шаралары.

«Медиасауаттылық» бөлімі.

1) Медиаконтент жасау және оны талдау.

Авторлық құқықтарды бұзу немесе басқа адамның контентін рұқсатсыз пайдалану бойынша құқықтық салдарлар. Медиаконтент жасауға қатысты этикалық нормалар. Жалған ақпарат тарату бойынша құқықтық салдарлар.

Цифрлық медианың қоғамдық пікір мен жеке сенімдер қалыптасудағы рөлі. Медиадағы манипуляциядан қорғану механизмдері.

Сенімді әрі тексерілген дереккөздерді қолдану арқылы медиаконтент жасау.

2) Цифрлық гигиена.

«Цифрлық этика» және «онлайн мәдениет» ұғымдары. Интернеттегі мінез-құлықтың репутация мен қатынастарға әсері. Интернет этикетінің принциптері. Цифрлық этиканы бұзудың салдары. Кибербуллинг және оның құрбандарға және қоғамға әсері. Интернетте қорлау және жеке деректерді таратуға қатысты құқықтық аспектілер.

3) Медианы саналы пайдалану

Медианы саналы пайдалану: қоғам мен тұлға үшін маңызы. Медианы саналы пайдалану тәсілдері.

Жасанды интеллекттің қолдану салалары. Жасанды интеллектіні қолданудағы этикалық қағидалары.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

17. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

18. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттерді және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады.

19. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) өмір сүру қауіпсіздігі:

Білім алушы білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Үйде, мектепте, қоғамдық орындардағы (жолда) жеке	5.1.1.1 үйде/мектепте/қоғамдық орындарда қауіпсіз мінез-құлық әрекеттерінің жоспарын құрастыру	6.1.1.1 күнделікті жағдайларда ықтимал қауіптерді сипаттау және қауіпсіздік	7.1.1.1 қауіпті жағдайларды талдау және әрекет ету жоспарла	8.1.1.1 әртүрлі өмірлік жағдайларда (үй, мектеп және қоғамдық орындар	9.1.1.1 қауіпті жағдайларда тәуекелдер мен алдын алу жолдарын ескере

қауіпсіздік		әрекеттерінің алгоритмдерін әзірлеу	рын әзірлеу	үшін) қауіпсіздік жоспарларын әзірлеу	отырып, әрекеттерінің салдарын бағалау
5.1.1.2 төтенше жағдай (ТЖ) кезінде қауіпсіз мінез-құлық алгоритмін көрсету	6.1.1.2 ТЖ кезінде әрекеттердің бірізділігін түсіндіру	7.1.1.2 ТЖ кезінде іс-қимылдардың дұрыстығын бағалау	8.1.1.2 ТЖ кезіндегі іс-қимылдардың қателерін талдау және олардың алдын алу шараларын әзірлеу	9.1.1.2 ТЖ кезінде әрекет ету бойынша нұсқаулар әзірлеу	
5.1.1.3 шұғыл қызметтерді хабардар ету үшін зардап шеккен адамның жағдайын бағалау дағдыларын көрсету	6.1.1.3 жеңіл жарақаттар (жеңіл тілімдер, күйіктер, соғылулар) кезінде алғашқы көмек көрсету дағдыларын қолдану	7.1.1.3 жануарлардың тістеуі мен жәндіктердің шағуы жағдайында алғашқы көмек көрсету дағдыларын қолдану	8.1.1.3 қан кету мен есінен танып қалу жағдайында алғашқы көмек көрсету дағдыларын қолдану	9.1.1.3 әртүрлі жағдайларда өзіңізге және басқаларға алғашқы көмек көрсету алгоритмін ұсыну	
5.1.1.4 зорлық-зомбылық қауіпі туындаған жағдайда өзінің мінез-құлқын модельдеу	6.1.1.4 буллинг түрлерінің белгілерін ажыратып, қауіпсіз мінез-құлықты модельдеу	7.1.1.4 өмір мен денсаулыққа қауіп-қатер туындаған жағдайда қауіпсіз мінез-құлықты	8.1.1.4 зорлық-зомбылықсыз, жағымды мектеп ортасын дамыту шараларын	9.1.1.4 мектептегі буллинг үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік	

			модельде у	модельде у	шаралары н талдау
	5.1.1.5 ағзадағы көмірсулар, ақуыздар, майлар, дәрумендердің маңызын сипаттау	6.1.1.5 азық-түліктерде жасырын қант пен зиянды қоспаларды анықтау	7.1.1.5 дұрыс тамақтану ережелерін түсіну	8.1.1.5 тамақтану әдеттерін бағалау және денсаулықты нығайту үшін оларды түзету	9.1.1.5 денсаулықты сақтау үшін теңдестірілген диетаны әзірлеу
	5.1.1.6 денсаулық пен жалпы хал-жағдай үшін дұрыс дене сымбатының маңыздылығын түсіндіру	6.1.1.6 дене жаттығулардың және олардың болмауының ағзаға әсерін талдау	7.1.1.6 дене саулығын нығайту жолдарын ұсыну	8.1.1.6 зиянды әдеттердің денсаулығына әсерін талдау	9.1.1.6 білім алушылар арасында зиянды әдеттердің алдын алу шараларын әзірлеу

2) экологиялық мәдениет:

Білім алушы білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Экологиялық жауапты мінез-құлық	5.2.1.1 су ресурстарын пайдалану мәселелерінде жеке жауапкершіліктің маңыздылығын түсіну	6.2.1.1 судың ластануының адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерін бағалау	7.2.1.1 су ресурстарын тиімді пайдаланудың және оларды ластанудан қорғаудың маңыздылығын түсіндіру	8.2.1.1 судың ластану себептерін талдау, оны тиімді пайдалану үшін шешу жолдарын ұсыну	9.2.1.1 судың сапасы мен су ресурстарының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған бастамаларды ұсыну
	5.2.1.2 биологиялық ыдырайтын және	6.2.1.2 қауіпсіз және уытты	7.2.1.2 қалдық шикізатты қайта өңдеу	8.2.1.2 қайта өңдеудің экологияға	9.2.1.2 қайта өңдеудің тұрақты

	ыдырамайтын қалдықтарды сипаттау	(қауіпті) қалдықтарды, қайта өңдеуге жататын қалдықтарды ажырату	процестерін және материалдарды тиімді қайта пайдалану мысалдарын талдау	а және ресурстарды үнемдеуге әсерін бағалау	дамуға қосқан үлесін талдау
	5.2.1.3 энергияны үнемдеудің маңыздылығын түсіндіру және оны күнделікті өмірде тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру	6.2.1.3 Қазақстандағы энергия көздерін анықтау, олардың маңыздылығын түсіну	7.2.1.3 жаңартылатын энергияның негізгі түрлері мен маңыздылығын талдау	8.2.1.3 энергия шығынын азайту бойынша бастамаларды ұсыну	9.2.1.3 энергия тұтынудың экономикалық және экологиялық салдарын бағалап, аймақтың тұрақты дамуы үшін шешімдер ұсыну
2.2 Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жүргізу	5.2.2.1 парниктік газдардың шығарындыларының климаттың өзгеруіне әсерін түсіндіру	6.2.2.1 жаһандық, ұлттық, жергілікті және жеке деңгейде климаттың өзгеруіне әсер ететін адам әрекетінің түрлерін талдау	7.2.2.1 климат өзгеруінің экологиялық, әлеуметтік, мәдени және экономикалық салдарларын талдау	8.2.2.1 Қазақстандағы климат өзгеруіне қарсы күрес шараларын талдау	9.2.2.1 климат өзгеруіне қарсы күрес жүргізу жобаларын әзірлеу

3) этика және этикет:

Білім алушы білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып

3.1 Адалдық және жауапкер шілік	5.3.1.1 күнделікті өмірде адалдық пен сыйласты қтың мәнін түсіндіру	6.3.1.1 өз әрекеттері үшін жеке жауапкерші ліктің маңыздылы ғын бағалау	7.3.1.1 оқу және зерттеу іс- әрекетінде ақпаратты фальсифика циялау мен бұрмалауды ң салдарын бағалау	8.3.1.1 оқу тапсырмала рын, жобаларды орындауда академиялы қ адалдық нормалары н сақтаудың маңыздылы ғын талдау	9.3.1.1 БЖБ, ТЖБ орындауда және емтиханда р да академиял ық адалдық нормалар ын сақтаудың маңыздыл ығын талдау
